

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДА ҚАЛА МАҢЫНА ҚАТЫНАЙТЫН ЭТНИКАЛЫҚ СТИЛЬДЕ БЕЗЕНДІРІЛГЕН ЭЛЕКТРОПОЙЫЗДЫ ШЫҒАРУДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫРМЫЗ. КЕШЕГІ ӘЙЕЛДЕР МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДА ДА ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТАҒЫ №3/4 «ТАЛЬГО» МЕРЕКЕЛІК ПОЙЫЗЫ АСТАНА МЕН АЛМАТЫ БАҒЫТЫНДА ҚАТЫНАЙ БАСТАДЫ. МҮНДАҒЫ МАҚСАТ – ШЫҒЫС ХАЛҚЫНЫҢ ЖЫЛ БАСТАУЫ ӘЗ НАУРЫЗДЫ ЖАҢА ЖЫЛ РЕТІНДЕ НАСИХАТТАУ, ҚАЛЫҢ БҰҚАРАҒА ТАНЫМАЛ ЕТУ.



Жәнібек ТАЙЖАНОВ,
«Жолаушылар тасымалы» АҚ бас директоры



№19 (2836)
10/03/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ӨТКЕЛДЕРГЕ БЕЙНЕКАМЕРА ОРНАТЫЛУДА

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Магистральдық желі дирекциясы филиалы «Интер Трейд Систем» ЖШС-мен көлік жүргізушілері жол қозғалысы ережесін жиі бұзатын теміржол өткелдеріне 10 аппараттық-бағдарламалық «Бүркіт» жиынтығын орнатуға қатысты келісім жасады.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Талдау деректеріне сүйенсек, өткелдерде апаттық жағдайлар негізінен автокөлік жүргізушілерінің кінәсінен орын алады. Сондықтан теміржолшылар тарапынан 54 теміржол өткеліне тексеру жүргізіліп, нәтижесінде видеофиксатор орнату кезек күттірмейтін 10 өткел анықталған.

– Желтоқсан айында Астана станциясының екі өткелі пилоттық режимде бейнебақылау камераларымен жабдықталды. Қаңтар айында екі камера Жаңа-Қарағанды – Майқұдық аралығына және Қарағанды станциясының өткеліне орнатылды. Ал ақпан айында пойыздар ағыны толассыз жүріп жататын Алматы магистральдық желі бөлімшесінің Ақсегірт – Шамалған, Байсерке – Жетісу, Ақсегірт – Бурундай және Байсерке станциясына да аталған құрылғылар орнатылды. Сондай-ақ Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі аумағындағы қауіпті өткелге де қойылды. Барлығы төрт өңір бойынша 9 өткелге су жаңа бейнекамералар орнатылған. Бірінші тоқсанның соңына дейін Семей магистральдық желі дирекциясының жол аралықтарына да ереже бұзушылықтарды тіркейтін құрылғыларды орнату жоспарланып отыр, – дейді Магистральдық желі дирекциясының қауіпсіздік жөніндегі



атқарушы директоры Бахытбек Алдажаров.

Бахытбек Мұқашұлының айтуынша, аппараттық-бағдарламалық жиынтықты сынақтан өткізу барысында ағымдағы жылдың 1-24 ақпан аралығында 528 614 автокөліктің өткені тіркелген. Оның ішінде 10 068 автокөлік жүргізушісі өткелде бағдарламалық тыйым салған белгіге және «тоқта» сызығынан асып өтіп, қозғалыс қауіпсіздігі ережесін өрескел бұзғаны белгілі болып отыр.

– Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету – күн тәртібіндегі басты мәселе. Күзетілетін және күзетілмейтін теміржол өткелдерінде жол қозғалысы ережесін қатаң ұстану ескертіледі. Былғы екі ай ішінде еліміз бойынша 6 жол-көлік оқиғасы орын алды. Өткелдерге бейнекамера орнатылуы ереже бұзған көлік жүргізушілерді анықтап, оларға қатысты әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті күшейтуге мүмкіндік береді деп ойлаймыз, – дейді дирекция өкілі.

Қазір «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен мемлекеттік орган – Теміржол көлігіндегі ішкі істер департаменті темір жол бойында және өткелдерінде болып жататын оқиғалардың алдын алу үшін күш біріктіріп, бірлесіп жұмыс істеуде. ҚР ИИДМ мен ҚР ІІМ арасында 2022-2026 жылдарға арналған Жол картасы жасалған. Ал өткен айда Ұлттық компания басшылары мен теміржол көлігіндегі ішкі істер департаменті өкілдерінің қатысуымен кеңейтілген жиын өтіп, онда қозғалыс қауіпсіздігін бұзып, жол-көлік оқиғаларын жасаған, темір жолда белгіленбеген жерден кесіп өтіп, теміржол белдеуінде мал баққан кінәлі тұлғаларға әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті күшейту мақсатында «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексінің айыппұлдарды ұлғайту бөлігіне өзгерістер енгізу туралы мәселені қарауға ұсыныс жасалғаны айтылды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ЛОКОМОТИВ ПАРКІН ЖАҢАРТАДЫ

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының теміржол машиналары мен жылжымалы құрамды жаңарту мен жаңғырту саясаты өз жемісін беріп келеді. Әсіресе бүгінгі таңда өзекті болып отырған локомотив паркін жаңартуға байланысты шаралар қолға алынды.

Мәселен, осы мақсатта осы айдың басында Парижде «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС, «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС мен Société Générale және Natixis құрамындағы банктер синдикаты арасында Несиелік келісімге қол қойылды.

Несие отандық өндірісі – «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС-нен 105 жүк және жолаушы электровозын сатып алуға жұмсалады. Локомотивтерді жеткізу 2023-2029 жылдар аралығында жүзеге асырылады деп жоспарланды. Бұл теміржол көлігінде электровоз тапшылығын азайтып, қазақстандық жүк жөнелтушілерге сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз етері анық.

Несие бойынша сыйақы мөлшерлемесі – EURIBOR + 1,15%, мерзімі – жеңілдікті кезеңмен 14 жылға дейінгі уақытты құрап отыр.

Несиелік келісім Францияның Қаржы министрлігі мен Несиеі сақтандырушы ретінде әрекет еткен BPIFrance мемлекеттік экспорттық несие агенттігінің қолдауымен жасалып отыр.

Ислам ТАЛҒАТ

Сервис

ИЗ СТОЛИЦЫ В АЛАКОЛЬ НА «ТАЛЬГО»

Из столицы в Достык впервые запустят поезд «Тальго». В направлении озера Алаколь также продолжат курсировать все 11 маршрутов из Астаны, Алматы, Восточно-Казахстанской и Абайской областей.

Любовь РОВБА,
Астана

Такая информация озвучена на совещании по вопросам обеспечения пассажирских перевозок в летний сезон с участием руководства АО «Пассажирские перевозки», отраслевых ассоциаций, туристских фирм и представителей НПП «Атамекен».

В своем выступлении генеральный директор АО «Пассажирские перевозки» Жанибек Тайжанов отметил, что в прошлом году до побережья озера Алаколь железнодорожным транспортом доставлено 243 тысячи пассажиров. Большой поток наблюдался из южного региона страны – 118 тысяч человек. Из северного региона в направлении озера и обратно перевезено 72 тысячи пассажиров, из ВКО – 52 тысячи. В 2023 году планируется увеличить количество пассажирских мест на 6% – до 276 тысяч.

– Турбизнес говорил, что есть потребность в вагонах из Астаны до озера Алаколь, и просил организовать поезд формата «Тальго». В прошлом году всего в направлении Алаколя нами было организовано 11 маршрутов, из них три маршрута из



Астаны, пять из Алматы, два из ВКО и Абайской области, – сказал Жанибек Тайжанов. Кроме того, для туроператоров продолжит действовать порядок на раннее резервирование билетов на коммерческие поезда от 180 суток до отправления поезда.

В свою очередь первый заместитель председателя правления НПП РК «Атамекен» Максат Кикимов отметил, что имеется потребность в обновлении вагонного парка и формировании поездов туристического класса.

– В связи с тем, что автодороги к восточному побережью Алаколя до сих пор находятся на реконструкции, и учитывая высокую ценовую политику на

графика движения поездов, работу по улучшению и замене старых вагонов и оснащению кондиционерами. Кроме того, необходимо составлять рейсы на Алаколь с городов Шымкента и Павлодара, на станции или в поселках организовать кассу по продаже билетов, – перечислила Мунирам Ахметова.

Прозвучало на совещании также предложение создать рабочую группу по развитию интермодальных перевозок (перевозка двумя или более видами транспорта) с учетом опыта работы по утверждению правил по раннему бронированию для туроператоров в прошлом году.

Руководство АО «Пассажирские перевозки» поддержало его, подчеркнув, что совместно с местными акиматами, авиа- и автобусными организациями будут рассмотрены проекты по формированию интермодальных перевозок из Шымкента, Павлодара, Усть-Каменогорска и Кызылорды.

Завершая совещание, Жанибек Тайжанов поблагодарил участников встречи за активное участие и заверил, что все озвученные вопросы и предложения будут на контроле компании. Фото Александра ЖАБЧУКА



Наталья КУРЬЯНОВА,

руководитель филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Многофункциональный центр обслуживания»:

АО «НК «ҚТЖ» является первооткрывателем многофункционального центра обслуживания в стране. Многие компании перенимали и учитывали наш положительный опыт при создании своего общего центра обслуживания. В настоящее время мы находимся на этапе активного развития. Сейчас структура собственного штата состоит из девяти подразделений в Астане и 12 региональных подразделений, 33 подразделения приписного штата. В части кадрового делопроизводства мы обслуживаем дочерние организации, а это уже более 80 000 человек, и это все без увеличения сотрудников основного штата.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ЕЛІМІЗ БОЙЫНША КӨКТЕМГІ ТАСҚЫҢА ҚАРСЫ

45

ПОЙЫЗ ЖАСАҚТАЛҒАН.

ҚАРМЕН КҮРЕС БАСТАЛҒАН ҚАРАША АЙЫНЫҢ ОРТАСЫНАН ҚЫС МЕЗГІЛІНІҢ СОҢЫНА ДЕЙІН СДПМ МАШИНАСЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН

87 000 км

ЖУЫҚ ЖОЛ ТАЗАЛАНҒАН.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАН ӨНЕРКӘСІПТІК КООПЕРАЦИЯ САЛАСЫНДА

42

БІРЛЕСКЕН ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫР. ОНЫҢ ІШІНДЕ ДАРБАЗА-МАҚТААРЛ ТЕМІРЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ БАР.

ҚАРҒЫН СУҒА ДАЙЫН

Теміржол төсемі мен инфрақұрылым объектілерін судың шаюынан және бұзып кетуінен қорғау бойынша барлық қажетті іс-шаралар 1 наурызда аяқталды.

Нұрбек БЕКЕН,
Астана

Көпірлердің, су құбырларының технологиялық саңылаулары қардан, мұздан, қоқыстардан газартылған. Су тасқынын бөгеуге қажетті көлік құралдары, дрезиналар және автотрактор техникасы да толық дайын.

Оңтүстік өңірде судың шайып кетуінің алдын алу және салдарын жедел жою үшін 15 пойыз дайындалған. Олардың құрамында 15 вагон және 84 платформа бар, олар кесек таспен, рельс пакеттерімен, кондиционерленбеген темірбетон

шпалдарымен және басқа да материалдармен қамтылған. Пойыздар қауіпті учаскелердің жаңындағы станцияларға орналастырылады.

Ал ҚТЖ желісіндегі қарғын суға қарсы пойыздар еліміздің батыс және шығыс өңірлерінде 15 наурызға дейін, ал елдің солтүстігінде 1 сәуірге дейін құрастырылмақ. Бүгінгі таңда судың шаюына қарсы 2 400 м³ кесек тас және 8000 кондиционерлік емес темірбетон шпалы, 17 инвентарлық металл аралық құрылыстар, 44 инвентарлық рельс пакеттері, 54 металл, 53 темірбетон және 38 асбест құбыр сақиналары дайындалған.

(Тақырыптың жалғасы 2-3 бетте)

Маман

ТӘЛІМГЕР МЕРЕЙІ

Ғұмырының қырық жылға жуығын теміржол саласына арнаған бейнеулік Зоя Бакиева нағыз өз ісінің майталман маманы. Тәлімгер ретінде талай жасты кәсіпке баулыған.



Шахидә ЖҰМАН,
Маңғыстау

Кейіпкеріміз 1963 жылы Қарақалпақстанда дүниеге келіпті. Мектеп бітірген соң Ташкент теміржол институтына түседі. Үшінші курста тұрмысқа шығып, отбасылық жағдайына байланысты әрі қарай оқуын Алматыда теміржол институтында сырттай жалғастырды. Содан бері қырық жыл өмірі осы болат жолдың бойында өтіп келеді. Кәсібінің үздік маманы атанды. Ортасына сыйлы, айтары бар жан жастардың тәлімгер-ұстазы.

– Әйелді нәзік жаратылыс иесі дейміз. Солай десек те, ол қажет кезінде өжет, батыл, қайсар да бола алады. Менің де өмірімде түрлі сынақтар кездесті, жеңілмедім, керісінше әр қиындықтан сабақ алып қатая түстім. Енді міне, зейнет жасына жақындадық. Теміржолдың қызық та қиын жұмыстарында жүріп 39 жылдың қалай өтіп кеткенін білмей қалыпмын. Оңай ештеңе жоқ, әсіресе теміржолда, бірақ ерік-жігерің болса бәрін де еңсеруге болады. Оқып жүргенде жұмыс барысымен Бейнеу станциясына тәжірибеге бардық. Сол Бейнеудің Қарақалпақия түйіспе пунктінде 1984 жылы еңбек жолымды бастадым. 12 жыл бригадир болдым. Рамазан Мұсаев, Сапарбай Тұрымбетов, Ақілбек Мұсаева, Ақмандай Шойқараева, Тілектес Батырова деген өріпгестерімнің, аға-апаларымның көп көмегі тиді, үйренгенім өмірлік азығма айналды. 1996 жылы екі елдің теміржолында ауыс-түйістер болып, пойыз қабылдап-тапсырушы болып ауыстым. Бейнеу станциясының Қарақалпақия түйісу пунктінде күні бүгінге дейін осы жұмысты атқарып келеміз, – дейді Зоя Бакиева.


Бір ауысымда орта есеппен 10-15 жүк пойызын қабылдап тапсыратын Зояның айтуынша, бір пойыздың құрамында 72 вагонға дейін тіркеледі. Кей кездері 100 вагоннан болатын ұзын құрамдар да келетін көрінеді.

– Бейнеу бүгінде төрт тарапқа пойыз өтетін үлкен тораптық станцияға айналды. Осыдан біраз жыл бұрын тәулігіне 30-40 пойызға дейін қабылдап, тапсыратынбыз. Ол уақытта қазіргідей заманауи технология жоқ. Өңдеу уақытының арасы 20 минуттан, барлығын қолмен жазып, рациямен жүріп жасаймыз. Жүк вагондары мұқият тексеріледі. Түрлі жағдай болады. Бекітпесі ашық не ұрланған болып келуі мүмкін. Ондай кезде комиссиялық тексеріске аламыз. Бірде сондай оқиға кездесті. Онда жаспын. Мәскеудің бағалы кілемдері жүктелген вагон ашық келді. Ұрланған екен деп әреміз ұшты. Санасақ, керісінше кілемдер құжаттағыдан көп, 140 кілем артық шыққанда қуанғаннан айғайлап жіберіпші, бірақ артық жүктің де әуресі аз болмайтын еді, бірақ кем емес қой, – деп бастан өткен қызықтарын әңгімелеген кейіпкеріміз күліп алды.

Бүгінде төрт бағытқа тармақталған Бейнеу станциясында жұмыс ауқымды артқан. Жергілікті халық арасында теміржолшы кәсібіне бет бұрғандар көбейген. Әсіресе жастар. Солардың қатарында өздерін Зоя Бакиеваның шәкіртіміз дегенді мақтаншыпен айтатын бір шоғыр өсіп келеді. Тәлімгер үшін бұл да мерей.

Суретті түсірген автор

СЫРДАН ТӨНГЕН ҚАУІП ҚАНДАЙ?



Осы аптада Сырдария өзенінде құрысқан мұз ерте еріп, өзен суы жылдағы деңгейінен тез көтеріліп, дарияның тасу қаупіне байланысты дабыл қағылуда. Теміржол саласына оның әсері қандай, қауіп-қатер бар ма?

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі жол бөлімінің жетекші инженері Мейіржан Жүнісов Сырдария өзенінің жағдайы тәулік бойы бақылауға алынғанын жеткізді. Айтуынша, еріген қар суы мен көктемгі жауын-шашынның пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндірмеуі үшін дайындық жұмыстары белгіленген кесте бойынша жүргізіліп жатыр екен.

– Компания басшылығының №957-ЦЗ бұйрығына сәйкес Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі директорының №5 бұйрығы шығарылып, арнайы мамандардан жасақталған комиссия құрылды. Сол комиссияның іс-жоспарына орай жол бойын көктемгі тасқын судың шайып кетуінің алдын алу жұмыстарына дайындық тұрақты жүргізілуде. Аймақта тосын жағдай орын ала қалған жағдайда жұмылдырылатын үш пойыз жасақталған. Теміржол бойындағы қауіпті аймаққа бақылау жасау тәжірибелі



теміржолшылардан жасақталған бригадаға жүктелген, олар кезекшілік жасауда, – деді жол бөлімінің жетекші инженері Мейіржан Жүнісов.

Арнайы құрылған бақылау комиссиясының мүшелері Сырдария өзеніне жан-жақтан құйылып жатқан су мөлшерін жіті қадағалап отыр. Мәселен, 9 наурыз күнгі мәлімет бойынша Шардара су қоймасынан секундына 800 м³/сек, Көксарайдан 800 м³/сек су өткізіліп, Тасбөгеттегі Қызылорда су торабына 778 м³/сек су құйылып жатқандығы белгілі болды. Сонымен қатар қауіпті аймақ саналатын Жосалы – Анакөл,

Анакөл – Қызылтам және Қызылорда – Қаракеткен учаскелеріндегі жасанды құрылыстар, теміржол асты көпірлері мен су өткізу құбырлары толық тазаланып, дрениалармен, автотехникамен, байланыс құрылғыларымен жарақталған дистанция жолшылары кезекшілік атқаруда.

Қазіргі таңда Сырдария өзеніндегі еріген мұзды ағын жылжып Қармақшы ауданының шекарасына жеткен. Жылжыған мұздақты теміржолшылармен қатар ТЖМ облыстық штабының қызметкерлері де бақылап, өзен суы арнасынан асып кетпеуін қадағалап отыр.

Суретті түсірген автор

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ ҚОЛҒА АЛЫНҒАН

Биылғы жылы Атырау өңірінде қар көп жауды, содан да кейбір елді мекендердің суға кету қаупі бар дейді мамандар. Мәселен, Индер ауданында қарғын суға қарсы жүргізіліп, арнайы техникалармен 3 мың текше метр су сорылған. Ал Қызылқоға ауданының Миялы селосында 600 текше метр әлі еріп үлгермеген қар шығарылған.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Сағыз станциясында да осындай жағдай. «Биыл Сағыз ауылына өр суы көп келді. Бірақ су тез қайтты, темір жолға жеткен жоқ. Қозғалыс қалыпты жүріп жатыр, пойыздар тоқтаған жоқ. Бірақ Ноғайты өзені тасыса, бізге де жетуі мүмкін» дейді Сағыз станциясының бастығы Нұрбол Дүйсенбаев. Осыдан келіп өңірлерде су тасқынына қарсы қамданушы күшейтудің қажеттігі туындайды. Мамандардың айтуынша бүгінгі таңда Атырау облысының аумағында су деңгейі тұрақты. Дегенмен, облыс елді мекендерінде су тасқынының негізгі қаупі Орынбор облысындағы Ириклинск және Волгоград су қоймаларынан судың көп келуіне, сондай-ақ өр суларының артуы салдарына байланысты болады. Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің қауіпсіздік инженері Фарида Қазжанованың айтуынша, қазіргі уақытта темір жолға төнген қауіп жоқ, бірақ сақтық шаралары жасалып жатыр.

Атырау магистральдық желі бөлімшесі бастығының міндетін атқарушы Амангелді Рахмеденов – тің мәліметінше, 2023 жылғы көктемгі су тасқыны, сең, өр, қар мен жаңбыр суы



АТЫРАУ ТЕМІРЖОЛ ТОРАБЫ БОЙЫНША СУ ШАЙЫП КЕТУГЕ ҚАРСЫ 2 ПОЙЫЗ, 15 ВАГОН ЖАСАҚТАЛҒАН. ОНЫҢ ІШІНДЕ АТЫРАУ ЖОЛ ДИСТАНЦИЯСЫ БОЙЫНША 9 ВАГОН, ҚҰЛСАРЫ ДИСТАНЦИЯСЫ БОЙЫНША 6 ВАГОН ДАЙЫНДАЛҒАН.

ағысы кезінде жол төсемінің және жасанды құрылыс кешендерінің сақталуы мен тұрақты жұмыс істеуін алдын ала ұйымдастыру барысындағы техникалық іс-шаралар өз деңгейінде орындалуда. Облыс аймағындағы теміржол торабы бойынша негізгі жолдың ұзындығы – 555,8 шақырым. Бөлімшенің қызмет көрсету учаскесінде жол аралығында 56 көпір, 204 темірбетонды су құбырлары бар. Атырау облысы аумағынан негізінен Жайық өзені өтеді, сондай-ақ Қиғаш, Жем, Сағыз, Ойыл өзендерінің

де тасуы мүмкін жағдай, ауа райының жылуына байланысты сең біртіндеп еріп жатыр. Бүгінде бөлімше бойынша сақтық жұмыстары ұйымдастырылып, су тасқыны бола қалса, вагондармен келген жабдықтар станцияларда тұр. Атырау теміржол торабы бойынша су шайып кетуге қарсы 2 пойыз, 15 вагон жасақталған. Оның ішінде Атырау жол дистанциясы бойынша 9 вагон, Құлсары дистанциясы бойынша 6 вагон. Соған сәйкес суға қарсы шебін, құм, құрал-жабдықтар тиелген 9 вагон Ганюшкино станциясына,

6 вагон Құлсары станциясына бекітілген.

Наурыз айында Ганюшкино станциясына жақын Шортанбай және Дыңғызыл селолық округтерінің қауіпті деген учаскелеріне барып тексеріп, нәтижесінде су ағатын жүйелерді қосымша тазарту жұмыстары жүргізілген. Жалпы өңірде су тасқыны қаупін болдырмау үшін қажетті заттар дайындалды, тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша келісім-шарттар жасақталды. Арнаулы техникаларды, тасқынға қарсы тұрғызылған бөгеттерді жөндеу, елді мекендердің қауіпті аймақтарына топырақ, қапшық, жанар-жағармай жеткізу, темір жол бойын су тасқынынан сақтау шаралары алынды.

«Қазірде магистраль желісіне қарасты дистанциялардың жауапкершілігіндегі жасанды құрылыс кешендері, көпірлер, темірбетонды тұрбалар, кюветтік су жүрісі жыралары қардан, қоқыстан тазартылып, күнделікті күтіп-ұстау, жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Су тасқыны кезінде шайып кету қаупі бар көпірлер мен тұрбалар күнделікті диспетчерлік бақылауға алынған. Дистанциялықтар жауапкершіліктерін күшейтіп, барлық объектілерді дамылсыз қарау үстінде», – дейді Амангелді Рахмеденов.

Суретті түсірген автор

ҚҰРЫЛҒЫЛАР КЕШЕНДІ ТҮРДЕ ЖАҢАРУДА



Шалқар белгі беру және байланыс дистанциясында автоматика, телемеханика және байланыстың жаңа құрылғыларын енгізуде бірқатар жұмыстар атқарылып жатыр. Қызмет көрсету аумағы аса ауқымды мекемеде тәжірибелі электромонтерлар мен электро-механиктер жетерлік.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Жалпы ұзындығы 595 км асатын темір жол торабына қызмет көрсетіп отырған дистанцияда құрылғылар кешенді түрде жаңарып, заманауи аппараттар мүмкіндігі шалғайдағы теміржолшылар жұмысын жеңілдетуде. Дегенмен, өткен ғасырдың 80-жылдарынан бері жұмыс істеп тұрған көне

қондырғылар да жоқ емес.

Шалқар белгі беру және байланыс дистанциясының бастығы Айдар Еңсеповтің айтуынша, 1981-82 жылдары Сексеуіл – Шалқар тәлімінен басталып, Жем – Шалқар тәлімі бойына орнатылған қондырғылар күтіп ұстаудың нәтижесінде 40 жылдан асты, арасында жөндеуден өткізіліп, әлі күнге жұмыс істеп келеді. Бірақ уақыт көшіне ілесу үшін өндіріс жаңа техника,



технология жетістіктерімен қарулануы керек.

2016 жылы Шалқар – Тассай тәліміне қойылған жаңа микропроцессорлық жүйелер жаңашылдықтың басы болды, бүгінде үмітті ақтап тұр. Оның автоматтандырылған өлшемдік жүйесі адамның қатысуымен болатын жұмыс процесін әлдеқайда жеңілдеткен.

– 2019 жылы бізге Сексеуіл

– Жем аралығын қосып берді. Развездегі кезекшілердің қызметін қоса атқару жүктелді. Жүк тәліміне қойылған жаңа микропроцессорлық жүйелер жастарды үйретті. Қазір бәрі жүйеленді. Кезекшілікке тұру, пойызды шығарып салу, т.т. жұмыстарды толық меңгерді, – деді Айдар Еңсепов.

Дистанцияда барлығы 9 бекет бар. Шалқар – Жем аралығында 3 бекет, Шалқар – Сексеуіл

аралығында 6 бекеттің жұмысы ұйымдастырылған. Әр бекетте үш маман еңбек етеді. Мұндағы станция аралығындағы бағдаршамдардың барлығында жарықтандыру қызметі модульдік жүйеге ауыстырылған.

– Модульдік жарықтандыру дистанция жұмысына тиімділік әкелді. Оның үстіне 20 жылдық кепілдігі бар. Қазір жарық беру сапасы жақсарды. Бұрын жанып кеткен шамдарды алмастыру, көрінісін тексеру жұмыстары жоспармен атқарылса, автоматтандырылған жүйемен ол жұмыстар қажет болмай қалды, – дейді дистанция бастығы.

Айтуынша, дистанциядағы барлық аралық жаңа бағдаршамдармен жаңарған. 2022 жылдан бастап кіріс бағдаршамдарын жарықтандырыпшы модульдік ауыстыру жұмыстары басталған. Мұның барлығы адамның қатысуымен болатын жұмысты жеңілдетумен қоса, пойыздар қауіпсіздігін сақтауға ықпалы өте жоғары әрі көрінісі жақсарады екен.

– Өткен жылы дистанциядағы атқарылған ең ауқымды жұмыстардың бірі – Жылан бекетінде

апаттық жағдайда тұрған ғимарат модульдік ғимаратқа ауыстырылуы дер едік. Толаскез кезінде пойыздар қозғалысы тоқтатылмай, барлық қондырғыны берілген уақыт ішінде көшіріп, тексеріп үлгердік. Жалпы жақсы нәтижеге қол жеткіздік. Тәжірибелі қызметкерлердің біліктілігіне сын болса, жас мамандарға жақсы тәжірибе болды. Көзімен көріп, қолмен жасау – теориядан әлдеқайда артық, – дейді дистанция тірлігін баяндаған бастығы.

Дистанция тарихы өткен ғасырдың басынан, 1921 жылдан басталады. Орынбор темір жол құрамындағы Шалқар станциясынан ашылған дистанцияның қызмет көрсету аясы Ұлы Отан соғысына дейін Шалқар – Қотырмас – Тоғыз станциясы болған. Кейін қызмет жасау шекарасы ұзартылып, Ембі – Шалқар – Сексеуіл аралығындағы байланысты қамтамасыз етті. Қазір оған Шалқар – Тассай аралығы қосылды. Мекемедегі 341 қызметкердің дені – электро-механик пен электромонтерлар.

Қатынап жұмыс істейтіндер модульдік жатын орындармен қамтамасыз етілген.

Суретті түсірген автор

ГЛАВНОЕ – ПРОЗРАЧНОСТЬ И РАВНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ



КАДРОВАЯ ПОЛИТИКА

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Во время неформальной встречи спикеры подчеркнули, что новая кадровая политика касается не только руководителей, но и рядовых сотрудников.

– Приоритетом «Самрук-Қазына» стали прозрачность и равные возможности для всех. В 2022 году начал полноценную работу единый рекрутинговый портал Samruk Qyzmet. За год через портал к нам обратились 134 тысячи казахстанцев, из них трудоустроены 7 300. Сейчас любой гражданин через qsamruk.kz может претендовать на вакантные должности, – отметила Эльмира Каримова.

HR-специалисты АО «НК «ҚТЖ» ознакомились как с новыми направлениями и ключевыми задачами кадровой политики фонда, так и с новыми корпоративными ценностями. Представители фонда ответили на вопросы участников встречи касательно трудоустройства, прозрачности в системе заработных плат и другие.

Также участникам встречи были представлены такие новые программы развития компетенций фонда, как Samruk Business Academy, HR School, IR School, PR School и другое.

– С целью ознакомления с новыми тенденциями и лучшими HR-практиками нашим дочерним компаниям представлена возможность участия в ежегодной HR-конференции, а также предложено

Более 200 HR-специалистов АО «НК «ҚТЖ» приняли участие во встрече с представителями «Самрук-Қазына» по теме «Новая кадровая политика фонда». Спикерами выступили директор департамента управления человеческими ресурсами АО «Самрук-Қазына» Эльмира Каримова и директор «Самрук-Қазына» бизнес-академии Шолпан Джумагазиева.



плодотворное сотрудничество с Samruk Business Academy, – подчеркнула Шолпан Джумагазиева.

В целом, по словам аналитиков, такая тенденция ретрансляции программ развития компетенций по группе компаний играет большую развивающую роль.

В целях развития лидерских компетенций в 2022 году в фонде «Самрук-Қазына» стартовала модульная Программа повышения доли женщин в руководящих органах компаний с государственным участием «Гендерное равенство» со сроком завершения в апреле 2023 года. От ҚТЖ в программе принимают участие 12 женщин-руководителей корпоративного центра, филиалов, дочерних организаций.

Подобного рода развивающие программы помогут женщинам-руководителям продвигать тему гендерного равенства в системе управления на всех уровнях менеджмента (от стратегического до операционного).

– В ҚТЖ мы аналогичным образом планируем провести ряд мероприятий, направленных на развитие гендерного баланса. Это поможет стать женщине услышанной, полезной и востребованной в большом мужском мире управленцев, – говорит участник программы развития обучения «Гендерное равенство», директор департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Сауле Исмаева.

Фото Олжаса АХМЕТОВА



КАЧЕСТВО В ПРИОРИТЕТЕ



БЕЗОПАСНОСТЬ

За февраль текущего года в Книгу замечаний машинистами Матайского эксплуатационного локомотивного депо отправлено 187 рапортов против 181 периода прошлого года. Локомотивными бригадами ТЧЭ-26 применено шесть экстренных торможений для недопущения наездов против девяти случаев в 2022 году.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматынская область

В депо Матай осуществляется контроль за посещением технических занятий, качеством их проведения, проверкой знаний изучен-

ного с опросом пройденных материалов. Постоянно совершенствуется система технического обучения локомотивных бригад, инженеров по расшифровке, дежурных по депо, машинистов-инструкторов.

Надо отметить, что на технических

занятиях детально прорабатываются допущенные случаи инцидентов, срывов эксплуатационной работы с изучением необходимых мер по выходу из нестандартных ситуаций. Все случаи нарушения локомотивных бригад рассматривают на практическом обучении с показом на локомотивах при выполнении КИП. В работе АЛСН на локомотивах в феврале допущено 52 случая сбоев против 54 в прошлом году. В депо установлен жесткий контроль над регулировкой месячной выработки часов локомотивных бригад, исключая часы сверхурочной работы, командно-инструкторский состав ведет постоянный контроль за расходом ТЭР.

– Для недопущения нарушений локомотивными бригадами по управлению авторомозами инженерами по расшифровке скоростемерных лент, кассет регистрации ведется постоянный контроль за выполнением требований Инструкции по эксплуатации тормозов подвижного состава. Проводятся все организационно-технические мероприятия, направленные на улучшение эксплуатационной работы, – говорит ревизор по локомотивному хозяйству Алматынского отделения грузовых перевозок Айдын Увалиев.

Эксплуатационная работа требует не только времени и компетенции, но и умения вникать в суть проблем и отношений. Это графический выход локомотивов под поезда, их безопасное последование, содержание подвижного состава и депо, содержание подвижного состава и депо, содержание подвижного состава и депо, содержание подвижного состава и депо.

Фото автора

запас горюче-смазочных материалов.

Стоит отметить, что противоразмывные поезда укомплектованы опытными бригадами, принявшими участие в учениях «Көктем-2023». Здесь на практике отработывались действия по предупреждению и ликвидации чрезвычайных ситуаций паводкового периода.

В течение двух дней проводилась работа, связанная с готовностью сил и средств аварийно-спасательных служб и формирований, – прежде всего удобное расположение полевого лагеря, выполнение важных задач, направленных на спасение людей из воды, подрыв и резка льда на реке Нуре, подготовка арыков, каналов к пропуску паводковых вод. В этом году были внесены существенные изменения с учетом анализа прошедшего паводкового периода. Представители местных исполнительных органов заблаговременно подготовили места для вывоза снега. В период учения очищению подлежали дренажные водопропускные сооружения с подготовкой инертных материалов. Все паводковые ситуации отработывались на практике.

– Ситуация с водоборьбой в регионе находится под строгим контролем, – утверждает Булатбек Альмурзаев.

Фото автора

ПРАКТИКА НА ДЕЛЕ



ПАВОДОК

С наступлением весны в Карагандинском регионе ведется усиленная подготовка к весеннему паводку.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

В настоящее время составлен план водоборьбы с целью обеспечения бесперебойного и безопасного пропуска поездов, выполнения мероприятий по подготовке искусственных сооружений и пути. Кроме того, организована комиссия, в которую вошли представители ЧС, местных органов, владельцы водохранилищ и плотин, представители железнодорожных структур. Ими проводится совместное территориальное обследование водных мест, расположенных выше уровня железнодорожного полотна. Бригадами осуществляются работы по очистке мостов, кюветов, труб, а также нагорных и водоотводных канав, лотков от снега, льда и различного мусора.

– На сегодняшний день членами комиссии обследованы участки станций Караганда-Сортировочная, Жанаарка, Акадыр, Балхаш, Карабас, Сарыкум. Сегодня на этих узлах формируются противоразмывные поезда, которые состоят из 28 вагонов. При этом несколько из них определены для инструментов, инвентаря, платформ для железобетонных шпал, бутового камня и рельсовых пакетов, – сообщил главный ревизор департамента безопасности движения АО «НК «ҚТЖ» по Карагандинскому участку Булатбек Альмурзаев. – Противопаводковые мероприятия проводятся с участием ответственных лиц – начальников противоразмывных поездов, заместителей начальников дистанций пути. Комиссией рапортуется готовность специальных транспортных средств – дрезины АГМ, ДГКУ. Уже создан аварийный

Перевозки

УВЕЛИЧИВАЯ ГРУЗОПОТОК

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Запуск терминала в порту Курык мощностью один миллион тонн в год с единовременным хранением 25 тысяч тонн зерновых культур планируется в текущем году после проведения электросетей и строительства железной дороги.

В настоящий момент степень готовности зернового терминала составляет 80%.

Аким области Нурлан Ногаев встретился с представителями компании Kaspi Grain Way, занимающейся строительством зернового терминала. Было отмечено, что реализация проекта позволит создать 30 постоянных рабочих мест.

– Зерновой терминал очень нужен региону, в связи с этим необходимо обеспечить отсутствие препятствий в ходе выполнения проекта. Если есть какие-либо проблемы, ответственные специалисты должны принять оперативные меры в рамках действующего законодательства. Запуск терминала позволит повысить конкурентоспособность транспортного маршрута, увеличить грузопоток, нарастить экспортный потенциал и усовершенствовать процесс грузовых перевозок через порт Курык. Это повысит транзитно-экспортный потенциал страны и будет способствовать развитию отечественного малого и среднего предпринимательства, – сказал Нурлан Ногаев.

Напомним, благодаря принимаемым мерам на казахстанском участке ТМТМ срок прохождения транзитных грузов по сравнению с прошлым годом сократился в два раза – с 12 до 6 дней. Вместе с тем данный показатель планируется довести до пяти дней по итогам 2023 года.

СТАБИЛЬНО И РИТМИЧНО

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

В Костанайском отделении грузоперевозок продолжают стабильно и ритмично производить отгрузку грузов самой различной номенклатуры.

Больше всего по итогам февраля был перевыполнен план погрузки по зерну. Как сообщил заместитель директора филиала ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГТ» по логистике Ерден Аманов, при плане погрузки 2 883 вагона было фактически отгружено 4 188, что выше плана на 1 305. По сравнению с аналогичным периодом прошлого года, февральская погрузка зерна возросла на 124,6 тысячи тонн.

Всего же за февраль в Костанайском регионе было отгружено 30 255 вагонов, или 1 миллион 937,7 тысячи тонн самой различной номенклатуры. В среднем в сутки на станциях региона отгружался 1 081 вагон.

– Непростое время вносит свои коррективы, но железнодорожники прилагают все усилия для того, чтобы отгрузка в нашем регионе действовала стабильно, бесперебойно и насколько это возможно эффективно. И до сих пор нам это удается, – говорит Ерден Аманов.

Фото автора

Бугатаев Булат Станиславович

26 февраля 2023 года на 51-м году жизни скоропостижно скончался обладатель нагрудного знака «Адал еңбегі үшін», начальник ремонтно-технологического участка Костанайской дистанции сигнализации и связи Булат Бугатаев.

Булат Станиславович родился 14 октября 1972 года в поселке Кенарал Федоровского района. В 1990 году призван в Вооруженные силы СССР.

Трудовую деятельность на стальной магистрали начал в августе 1993 года электромонтером СЦБ четвертого разряда в Костанайской дистанции сигнализации и связи. В процессе работы в 1994 году окончил дорожно-техническую школу в Целинограде. С марта 1995 по 1997 год Булат Станиславович работал электромехаником СЦБ на станции Джаркуль. В 1997 году назначен на должность старшего электромеханика СЦБ на участке Озерная – Пешковка, и в марте 1999 года руководство дистанции, отметив его целеустремленность, тягу к знаниям, направляет на ответственный участок – группу надежности. В августе 2000 года новое назначение – начальник участка СЦБ участка Каерак – Костанай.

Без отрыва от производства Булат Станиславович в 2001 году окончил заочно Государственную академию транспорта и коммуникаций по специальности «телемеханика, автоматика и связь на железнодорожном транспорте». В мае 2004 года Булата Станиславовича назначают на должность заместителя директора Костанайской дистанции сигнализации и связи.

В новой должности Булат Бугатаев с первых же дней направлен на участок нового строительства Арка – Айтеке Би. С его непосредственным участием в 2004 году был произведен пуск двух станций – Теренсай, Кызылсай. В 2006 году Булат Станиславович руководит и непосредственно участвует в пуске станции Манат Мангистауской дистанции сигнализации и связи. В 2007 году руководство ЦШ направляет его в Жанааркинскую дистанцию сигнализации и связи для пуска станции Манадыр. И вот уже в Костанайской дистанции сигнализации и связи под его руководством в 2013 году производится пуск новых устройств электрической централизации УЭЦ-М станции Темир Булак и устройства автоблокировки АБ-1-К-25-50-ЭТ-82 на участке Костанай Северный – Костанай Главный – Железнодорожная. В 2015 году Булат Станиславович назначен на должность директора Костанайской дистанции сигнализации и связи.

За высокий профессионализм, ответственность и преданность выбранному делу в 2018 году Булат Бугатаев награжден нагрудным знаком «Адал еңбегі үшін».

Руководство и коллектив филиала АО «НК «Қазақстан темір жолы» – «Костанайская дистанция сигнализации и связи» выражают глубокое и искреннее соболезнование родным и близким в связи с невозможной утратой – безвременной кончиной Бугатаева Булата Станиславовича.

ЭЛЕМНІҢ СӘНІ – ӘЙЕЛДЕ...

Халықаралық әйелдер күні қарсаңында «ҚТЖ» ҰК АҚ орталық ғимаратын қызыл, сары, күлгін, көк түсті гүлдер жаулап алды...

Теміржолшы жігіттер әріптес нәзік жан иелерін таңнан бастап құттықтауға кірісіп кеткен. Кіреберісте гүлмен қарсы алып, тәтті шоколадтар ұсынып, ізгі тілектері жеткізіп бөйек болуда.

магистралында жүк тасымалын ұйымдастырып, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлес қосып жүрген қыз-келіншектерге ақжарма тілектерін жаудырды. Өндірісте жауапты жұмыс атқарып, басшылық қызметті де қатар алып жүрген әйелдердің үйде қамқоршы ана, аяулы әпке, асыл жар екенін айтып, арулардың адамзат әлемінде орны ерекше екенін мазмұнды сөзбен, әдемі тілмен жеткізді.



СІЗДЕР ҮШІН, АЯУЛЫ ЖАНДАР!

Жылдағы дәстүрмен «ҚТЖ» ҰК АҚ-да халықаралық әйелдер мерекесіне орай компанияның ер азаматтарының күшімен салтанатты жиын өтіп, концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

Нәзік жандардың бийлығы төл мерекесіне ер-азаматтар ерекше дайындалғаны байқалды. Таңертеңгілік кіреберісте құшақ-құшақ гүл көтерген азаматтар әйелдерді ақ тілекпен қарсы алып жатты.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС, «Жолаушылар тасымалы» АҚ, Магистральдық желілер дирекциясы, «Қазтеміртранс» АҚ, т.б. кәсіпорындардың қызметкер-

лері сахнаға көтеріліп, әлемнің жарығын сыйлаған аналар мен арулар жайлы ән шырқады. Бұл күні қызылды-жасылды киініп, гүлдей құлпырған нәзік жандар ерлер қауымының ықпал-құрметіне риза болып, қошеметпен қол соқты.

Сонымен қатар бұл күні осы мерекеге орай ұйымдастырылған «Менің мамандығым – менің таңдауым» атты байқаудың қорытындысы жарияланды. Байқауға республика бойынша 150-ге жуық теміржолшы әйел қатысқан. Соның ішінде 21 әйел ақтық сайысқа іріктеліп шыққан. Солардың арасынан бірнеше номинация бойынша жеңімпаздар анықталып, оларды компания төрағасының орынбасары Қанат Әлмағамбетов пен аппарат басшысы Серік Кеулімбаев арнайы дипломдармен марапаттады.

Концерттік бағдарламаны «Нұрлы жол» вокал кешінінің қызметкерлері «Қазақстан темір жолы» әнімен аяқтады.

Райхан РАХМЕТОВА Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ДИРИЖЕРЫ ДВИЖЕНИЯ

Уже по весенней традиции букетами цветов руководство АО «НК «ҚТЖ» поздравило на рабочем месте с 8 Марта сотрудниц Автоматизированного центра управления перевозками (АЦУП) и Регионального центра управления движением поездов и инфраструктурой по Северному региону (РЦУП-3 Северный).



Заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Канат Альмагамбетов от имени сильной половины тружеников стальной магистрали поздравил женский коллектив АЦУП и РЦУП-3 Северный с первым весенним праздником. Он вручил железнодорожницам цветы, поблагодарив за высокий профессионализм, оперативность, неоценимый вклад в общее дело – обеспечение бесперебойного и безопасного движения поездов.

и РЦУП-3 Северный, рабочая смена которых пришлась на праздничный день.

К слову, труд диспетчеров нелегок, ведь смена длится долгих 12 часов, в течение которых даже на минуту порой не удается отлучиться с рабочего места. Но железнодорожницы, отвечающие за обеспечение оперативного руководства и организацию поездной работы на обслуживаемом участке, жаловаться не привыкли.

Поездной диспетчер Венера Полторацкая, одна из самых опытных работниц РЦУП-3 Северный. Окончив с отличием Целиноградский техникум железнодорожного транспорта, она трудится на железной дороге вот уже 33 года.

Айлин БАУРЖАН, Астана Фото Александра ЖАБЧУКА

АҚ ТІЛЕКТЕРІН АРНАДЫ

«ҚТЖ» ҰК АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының директоры Сәкен Рахметов бастаған ұжымның ер азаматтары әйелдер қауымын мерекемен құттықтады.

Алып ғимаратқа шашырай орналасқан бірнеше департаменттердегі нәзік жандарды құттықтау үшін ерлер қауымы 4-қабаттан 20-қабатқа дейін аралап шықты. Филиал басшысының айтуынша, жалпы еліміздің барлық өңірлеріндегі дирекцияның бөлімшелерінде 6606 әйел еңбек етеді. Соның ішінде 277 әйел елордадағы бас ғимаратта қызмет етеді.

мерекемен құттықтаған ерлер қауымы оларға гүл шоқтарын сыйлап, ақ тілектерін арнады. Үздік қызметкерлер Алғыс хаттармен марапатталды.

– Төл мерекелеріңіз құтты болсын, қымбатты арулар! Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, қызметте табыс тілейміз! Ортамыздың сәнін келтіріп, гүлдей жайнап жүре беріңіздер!

– деді С. Рахметов. Ұлан ОРАЗ

ТАМАША «ТОСЫНСЫЙ» БОЛДЫ

Атырау жүк тасымалы бөлімшесі кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен мереке қарсаңында қыздардың жұмыс үстеліне гүл шоқтары мен мейрамханаға шақыру билеті қойылды.



«Таңертең жұмысқа келгенде қыздарымыздың алдында бір шоқ гүл тұрса, мерекелік көңіл-күй қалыптастырып, қуаныш сыйлайтыны сөзсіз. Сондай-ақ соңғы жылдары пандемия әсерінен корпоративтік рухты көтеру жағы кенжелеп қалғанын ескеріп, әйелдер қауымын мейрамханаға шақырып сыйлауды ұйғардық», – дейді кәсіподақ жетекшісі

Боранбай Қамиев. Сонымен қатар, барлық нәзікжанды қызметкерге 5 мың теңгеден таратылып, халықпен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасайтын вокал шауарушылығы қыздарына сән үйіне сертификат, ұжымға қысқатолқынды пеш сыйға берілді.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау Суретті түсірген автор

ӘН МЕН ЖЫРДАН ШАШУ ШАШТЫ

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Батыс» филиалы мен Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің азаматтары теміржолшы қыз-келіншектерді мерекемен құттықтап, концерт қойды.

Бөлімшенің үлкен мәжіліс залы бұл күні ерекше құлпырып кеткен қыз-келіншектерге толып, жүректарды құттықтау мен ізгі тілек, ыстық лебіздердің тиегі ағытылды. Жігіттер жағы түрлі музыкалық аспаптарда ойнап, ән салып, күй шертіп, өнерлерін паш етті.

«Бүгін көктемнің әдемі мерекесінде аналарымыз бен апаларымыз, асыл жарларымыз, әдемі қарындастарымыз – сіздерді шын

жүректен құттықтап, әлемнің бар жақсылығын тілейміз», – деді «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Батыс» аймақтық филиалы басшысының орынбасары Еділ Шаймов.

Шара кәсіподақ ұйымдарының ұйымдастыруымен өтті. Ер азаматтардың орындауындағы ана туралы жыр, попури, қыздарға арналған ғашықтық жырлар әйелдер қауымының көңілін көтеріп, риза қылды.

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе

САМЫЕ КРАСИВЫЕ, РАБОТЯЩИЕ И МЕТКИЕ

Уральские железнодорожники в честь Международного женского дня провели соревнования по дартсу. Участие в нем приняли 40 сотрудниц Уральской дистанции пути, Уральской дистанции сигнализации и связи, станции Уральск и непосредственно управления филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» по Уральскому региону.



Надо отметить, что женщины подошли к соревнованиям ответственно и с большим энтузиазмом. Перед началом турнира после разминки под зажигательную музыку участники поздравили с праздником начальник станции Уральск Арман Башенов и председатель профкома по Уральско-

му региону Едил Альпсоков. Организаторами совместно с профкомом выступили инструктор-организатор ФСК «Локомотив» Бекзат Гилманов и инструктор по Уральскому региону Болат Карлибаев.

В итоге праздничного турнира завершился со следующими результатами. В личном зачете

победу одержала ведущий инженер-технолог филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» по Уральскому региону (команда НОД) Гульнара Кумашева, а «серебро» и «бронзу» взяли соответственно инженеры-технологи станции Уральск Наркыз Амирханова и Жанар Кожахметова.

В командном зачете призовые места распределились иначе. На третьем месте – команда станции Уральск, на втором – Уральской дистанции сигнализации и связи (ШЧ-7), а победителем со счетом 88 очков из 100 возможных стала сборная Уральской дистанции пути (ПЧ-1). Все призеры были награждены памятными призами и грамотами.

Марьяна ПЕРВУШИНА, Уральск Фото автора

ЕГО ПРИНЦИП ЖИЗНИ – ДЕЛАЙ ДОБРО

11 марта руководитель одного из важных направлений ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – спецуправления Василий Николаевич Подчасов отмечает 60-летний юбилей.



Стойкость и мужество, бдительность, внимание и стремление к лучшему – для Василия Николаевича это не просто слова. Это кропотливая ежедневная профессиональная работа.

Василий Николаевич работает в ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» на протяжении семи лет. Окончил Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина по специальности «инженер-электрик». Трудовой путь начал на предприятии высоковольтных электрических сетей ПОЭ «Целинэнерго». А потом система его выбрала.

В структуре комитета национальной безопасности Василий Николаевич проработал 27 лет. Вышел на заслуженный отдых и продолжил трудовую деятельность на гражданке, на защите интересов национального железнодорожного грузового перевозчика.

На железную дорогу Василий Николаевич пришел случайно. Он – представитель династии железнодорожников. Общий стаж работы семьи Подчасовых на благо развития стальной магистрали – более 160 лет. Основатель династии – Николай Михайлович проработал в отрасли почти полвека.

Непрерывное обучение ковало профессионала. Василий Николаевич окончил курсы республиканского центра подготовки специалистов по линии ГО и ЧС, прошел обучение республиканского семинара Института ядерной физики и другие. Имеет сертификаты международных учебных центров, международного опыта работы. Был участником международного сотрудничества в области безопасности, перевозки спецгрузов, участвовал в международных экспертных совещаниях по перевозке грузов МАГАТЭ.

Имеет многочисленные награды и поощрения.

Василия Николаевича отличает профессиональная подготовка, твердость характера, аналитический склад ума, уделяет должное внимание и физподготовке.

Его принцип жизни: «Делай добро, и оно к тебе обязательно вернется». А главная ценность – друзья.

Вместе с супругой Василией Николаевич воспитали двоих детей. Сын Станислав продолжает дело династии, трудится на железной дороге.

В день рождения юбиляра поздравят родные, друзья, коллеги, заполнят его дом счастьем, смехом и радостью.

Любовь ПОДОЛЯК Фото Александра ЖАБЧУКА

Logo of Qazaqstan Temir Joly and Kazkolkkasp, contact information for Bas redaktor Dina Muzydubaeva and Bas redaktor орынбасары Меруерт Өмірзақова.

Information about Gazet basylyтын қалалар: Nur-Sultan, Silenti 30, «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2, «Хабар-Сервис» ЖШС, Шымкент, Әліпқұлов көш., 22, «ERNUR Print» ЖШС. Басылымның таралымы 11 340. Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

Information about Кезекші редакторлар: Л. Ровба, С. Бакесова. Автомобиль, аяу және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы қоғамдық бірлестігі айналысады. «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Information about Меншікті тілшілер: Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80, Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66, Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87, Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45, Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17, Қызылорда: Сабыржан Нәдірбаев 8-778-409-78-59, Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53, Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73, Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76, Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00, Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61, Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-92.

Information about Редакцияның мекен-жайы: Nur-Sultan қ., Д. Қонаев көшесі 6, тел.: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92. Газетті тарату жөніндегі менеджер Асель Распаева, тел.: 8 775 198 15 61, e-mail: raspayeva.assel@mail.ru. Қазақстан Республикасы Баспасөз және Бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.